

Отырардан сәлем!

Саламатсызба Күләш апай.

Қалай жағдайыңыз жақсы ма?

Жұмыс барысыңыз қалай? Біздің кішкентай досымыз Ануардың жағдайы қалай? Оқу жылын ойдағыдай аяқтаған болар.

Алматыда қандай жаңалықтар мен өзгерістер болып жатыр? Біздің группа қыздарының жағдайлары қалай. Олар сессияны қалай тапсырды жақсы болар. Менен бәріне көп сәлем айтыңыз. Табиғат тарту еткен денсаулық арқасында группаның қамын жеп шапқылап жүрген боларсын. Ия сіздің сондай тамаша халде болуыңызға Отан алдындағы борышын атқарып жүрген шәкіртіңіз Жансеріктің қосар тілегі мол деп білерсіз.

Ал енді өзіме келсем жағдай жаман емес. Служба бір қалыпты жайлап өтіп жатыр. Армия өмірі жайлы қысқаша айтатын болсам. Мен өзім 6-айлық учебкадамын, бізде кіші командирлер даярлап шығарады. 6-айлық соң басқа жерге ауыстырады. Менің войскам «малая пехота» БМП деп аталады. Бұл жерде тәртіп өте қатал уақыт секундпен өлшенеді. Қару-жарақтың барлық түрін жаттығып, атып яғни, қолдани білуді үйретеді.

Апай сізге көп рахмет, маған көмектескеніңізге. Кейбір жіберген қателіктерді кешіріңіз. Қазір бәрін түсініп қалдым.

Ал басқа не жазайын.

Амандық пен көріскенші сау болыңыз

С/н шәкіртіңіз Жансерік.

25.07.87

Менің толық адресім

Джамбулская обл.

Красногорский р/н

П.Г.Ф. Гвардейский

в/ч 25744 «Б»

Тленшиеву Ж.М.

55 полк, 2 рота, 2взвод.

Апай хатты кешіктіріп жазғанымға ренжімеңіз. «Ештен кеш жақсы» деген хат жазыңыз. Асыға күтем.